

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті**  
**«6D010100 -Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған**  
**Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым**  
**тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту»**  
**атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Қазіргі қоғам білім беру жүйесіне, педагогикалық кадрларды даярлау сапасына, олардың жоғары оқу орнында оқу кезеңінде қалыптасатын кәсіби маңызды сипаттамаларының деңгейіне жоғары талаптар қояды. Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңа бағыттағы өзгерістер педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің инновациялық іс-әрекетке икемді, оның алгоритмін меңгерген балалармен жұмыста инновациялық әдістерді және технологияларды қолдануға қажеттілік жоғары. Сондықтан қазіргі уақытта ғылымда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі қоғам сұранысына жауап беруге бағытталғандықтан, Л.Р.Тайтелиеваның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады.

Ізденуші Л.Р.Тайтелиеваның диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлауды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздері айқындалған;
2. «Инновациялық іс-әрекет», «мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұнын нақтыланған;
3. Инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасалған;
4. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемелік кешенін әзірленіп және оны тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілген.

Аталған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы төмендегідей:

1. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлауды теориялық-әдіснамалық негіздері мамандыққа қойылатын талаптармен байланысы тұлғалық сапа; кәсіби іс-әрекетте инновациялық жетістікке жетуді қамтамасыз ету.

2. «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлау» түсініктерінің мәні мен мазмұнын нақтыланған, оны инновациялық іс-әрекеттің жиынтығы нақты инновациялардың пайда болуын қамтамасыз ететін өзара байланысты жұмыс түрлерінің жүйесін қамтиды. Атап айтқанда: студенттердің бір нәрсені қалай болуы мүмкін («ашу») және бір нәрсені қалай жасауға болатыны («өнертабыс») туралы жаңа білім алуға бағытталған зерттеу

қызметі; ғылыми білім негізінде берілген шарттарда не болатынын немесе болуы керек нәрсені алу үшін қалай әрекет ету керектігі туралы арнайы, инновациялық технологиялық білімді дамытуға бағытталған жобалық әрекеті («инновациялық жоба»); белгілі бір тәжірибе субъектілерінің кәсіби дамуына, инновациялық жоба тәжірибеде жүзеге асуы үшін олар не және қалай істеу керектігі туралы әрбір жеке білімін (тәжірибесін) қалыптастыруға бағытталған оқу әрекетін қамтиды.

3. Инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттердің бірлігінде дайындалып, өлшемдері және көрсеткіштері анықталған.

4. «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» бағдарламасы және «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы жасалынып, тәжірибеге енгізілген, апробациядан өткізілген. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың қазіргі жағдайы мен даму үдерісінің ерекшеліктері туралы білім жүйесін, кәсіби сапаларды меңгертуге ықпал етеді. Зерттеу жұмысы барысында Л.Р.Тайтелиева зерттеу әдістерін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін үйлесімді қолдана отырып, жоғарыдағы зерттеу нәтижелеріне сапалы қол жеткізе білген.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған алға қойған мақсат міндеттеріне қол жеткізген. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең зерделенген. Зерттеу жұмысын жаңалығы мол, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп есептеймін.

Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығын атап өте отырып, «6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

**Л.Н.Гумилев атындағы**

**Еуразия ұлттық университеті**  
**профессор, п.ғ.д.**

**Жиенбаева С.Н.**

